

# Қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылының II жарты жылдығы бойынша директордың есебінің

## ХАТТАМАСЫ № 5

Күні: 20.05.2022ж

Қатысқандар: 10

### Күн тәртібінде:

1. Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекованың 2022ж. I жарты жылдығына қаралған бюджет қаржысының жұмсалуды туралы және оқу – тәрбие жұмысының есебі.

#### Сөз сөйледі:

Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекова 2022ж. I жарты жылдығына материалдық-техникалық базасын дамыту үшін, тәрбиеленушілерді тамақпен қамтамасыз етуге, коммуналдық төлемдерге, ұжым қызметкерлеріне жалақыға және тағыда қосымша қызметтерге бөлінген қаражаттардың есебін берді.

Интернатта 82 бала оқып, тәрбиеленуде. 29 бала аз қамтылған отбасынан шыққан. Мектеп-бюджетіне 2022 жылға қаралған жалпы соммасы 288857000,0 (екі жүз сексен сегіз миллион сегіз жүз елу жеті мың) тенгені құрайды.

Атап айтқанда:

Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен:

- енбек ақы - 67495000,0 тенге;
- өтемақы төлемдер - 0,0 тенге;
- әлеуметтік салық -2821000,0 тенге;
- мемлекеттік әлеуметтік қорына әлеуметтік аударымдар - 1638000,0 тенге;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру - 1036000,0 тенге;

Республикалық бюджеттен білім беру субвенциялары есебінен:

- енбек ақы - 132516,0 тенге;
- өтемақы төлемдер - 7138000,0 тенге;
- әлеуметтік салық -7156000,0 тенге;
- мемлекеттік әлеуметтік қорына әлеуметтік аударымдар - 4174000,0 тенге;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру - 3975000,0 тенге;

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:

- міндетті әлеуметтік сақтандыру - 15000,0 тенге;
- азық-түлік өнімдерін сатып алу -27924000,0тенге;
- коммуналдық қызметтерге ақы төлеу - 13908000,0 тенге;
- дәрілік заттар және медиц. мақсатқа сатып алу - 209000,0 тенге;
- жанар-жағар май материалдарын сатып алу - 256000,0 тенге;
- байланыс қызметтеріне ақы төлеу - 359000,0 тенге;
- өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу - 1881000,0 тенге;
- өзге де ағымдағы шығындар - 411000,0 тенге қаржы бөлініп, игерілді.
- өзге де қорларды сатып алуға-15945000,0 тенге

Әр салаға бөлінген қаражаттар игерілуде. Тәрбиеленушілер бес мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Азық-түлікті тасымалдаушылар конкурс жеңімпаздары «Ұзын бұлақ» ҚХ-сы, ЖК Галимова, ЖШС «Даму Сапа» . Өзге де қорларды сатып алуға қаралған қаражатқа мектеп-интернат тәрбиеленушілерге канцеляриялық заттар, киім-кешек, сүлгілер, гигиеналық – жуынуға арналған құралдар, төсек жаймалары, көрпе –төсек, шаруашылық , құрылыс заттарын конкурс жеңімпазы ЖК Қуандықова тасымалдайды.

Өзге де қызметтер мен жұмыстарға бөлінген қаражатқа керекті жұмыстар жасалады,атап айтқанда мектеп-интернат ғимаратының жөндеу жұмыстарына , қоқыс шығаруға, залалсыздандыру жұмыстарына, компьютерлерді, техникалық

құралдары жөндеуге, өрт қауіпсіздігін сақтау шараларына, жылыту маусымына дайындық жұмыстарына, банк қызметтері үшін, 1с бағдарламасын жаңартуға, интернет-ресурс сайтының қызметіне, дабыл қаққыш орналастыру жұмыстарына жұмсалып, игерілуде.

Күзет және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ЖШС "Охранное агенство "Темир - Шымкент" мамандырылған күзет мекемесімен (айына 230000,00тенге) ағымдағы жылдың наурызынан бастап шарт жасалды.

Мектеп – интернаттың оқу – тәрбие жұмысына тоқталсақ: ағымдағы жылдың ақпан айында Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты «Дарын» орталығының ұйымдастыруымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасында «Менің қолымнан бәрі келеді» атты қалалық олимпиадаға мектеп – интернатымыздың 4 «А» сыныбы оқушылары Нурия Жахангер математика пәнінен, Азиза Аббас қазақ тілі пәніне қатысты. Екі оқушы да өздерінің білімі мен ынтасының нәтижелерін көрсетті. Нурия Жахангер I – дәрежелі дипломмен; Азиза Аббас II – дәрежелі дипломмен марапатталды.

18 наурыз күні «Жұлдызай» қалалық өнер фестивалі өтті. Ерекше білімді қажет ететін өнерлі тәрбиеленушілер қатысқан бұл фестивальде мектеп – интернатымыздың өнерпаздары орындаған «Наурыз шашу» биі II орынды, «Еліме арнау» атты ым- ишарат әні III орындарды иемденді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы және Шымкент қаласындағы отбасылық №3 балалар кітапханасымен келісім шартқа тұрып, жоспарланған іс – шаралар бойынша тәрбиеленушілер түрлі байқауларға, ашық есік күндеріне қатысты. Отбасылық №3 балалар кітапханасында есту қабілеті бұзылған балалардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Артық білім кітапта, ерінбе оқып білуге» атты ашық есік күніне қатысып еліміздің тәуелсіздігін дәріптейтін өлеңдер оқып, жазушылардың шығармаларынан үзінділер оқыды. Кітапхана әкімшілігі оқушыларға алғыс айтып, марапаттады.

2021 – 2022 оқу жылында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын – алу профилактикалық жұмыстарын жүргізу мақсатында Шымкент қаласы Әль-Фараби аудандық жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық істер бойынша полиция инспекторы С.Палжанов келіп екі рет түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп – интернат ережелерін сақтау, балалар арасындағы зорлық – зомбылықтың алдын – алу бойынша заңдылықтарды түсіндіріп, оқушылар мен педагогтардың сауалдарына жауап берді.

Жазғы демалыс кезінде 2022 -2023 жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарлануда. Ағымдағы жөндеу жұмыстары ғимараттың барлық жайларында, атап айтқанда сыныптар мен топтарда, жатын бөлмелер мен спорт зал, акт зал, жеке кабинеттерде, асхана, қоймаларда жүргізіледі. Мекеме ғимараттарының ішкі электр, су, газ, кәріз, жылу жүйелеріндегі ақаулар және қазандықтарды жөндеу жұмыстары да жүргізіледі.

#### Қаулы етеді:

1. Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекованың 2022ж. I жарты жылдығына қаржының жұмсалыу есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Төраға:



М.Сайдуллаев

Хатшы:

Д.Турсынова